ҒТАМР 17.01.45

Э. Мансурова[1]
[1]Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ (ОРТА СЫНЫПТАР НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Қазіргі таңда оқушылардың шығарманы жатқа немесе мазмұнын айтуы – білу, түсіну деңгейінде ғана. Бұл екеуі ойлау деңгейінің ең төменгі сатылары. Мұғалім баланы қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейіне жеткізуі тиіс. Осыған орай көркем шығарма қалай талдану керек деген мәселе өзекті болып отыр. Яғни, көркем шығармаларды талдау барысында тиімді әдістерді қолдану өте маңызды. Ауыз әдебиетінің үлгілерін оқыту барысында шығарманың тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін түрлі тапсырмалар арқылы талдау оқушылардың тақырыпты меңгеруде тиімді болмақ.

Мақалада қазақ әдебиеті сабағында ауыз әдебиеті үлгілерінің, оның ішінде: ертегі, жыр, аңыздың тақырыптық-идеялық ерекшеліктерді талдау барысында қолданылатын тапсырмалар түрлерін қарастыру. Тапсырмалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін саралап, қай тапсырманы қолдану тиімді болатынына көз жеткізу. Орта сынып оқушылардың әдебиет сабағында қызығушылықтарын арттыру мақсатында, берілетін тапсырмалар түрін ойын ретінде өткізіп, шығарманың тақырыбы мен идеясын меңгерту.

Кілт сөздер: әдебиет сабағы, халық ауыз әдебиеті, тақырып, идея, тапсырма түрлері, әдіс.

***

Аннотация. В настоящее время пересказ и выучивание произведения лежит только на уровне мышления и понимания произведения учеником. Это самые низкие этапы уровней мышления. Каждый ученик должен анализировать произведение и в этой работе учитель играет большую роль, чтобы ученик смог применять методы и анализировать художественную литературу. В связи с этим актуальным остается вопрос, как проанализировать художественное произведение. То есть, очень важно использовать эффективные методы при анализе художественных произведений. Анализ тематико-идейных особенностей произведения в процессе изучения образцов устной литературы с помощью различных заданий будет полезен учащимся в освоении темы.

В статье рассматриваются виды заданий, используемых при анализе тематико-идейных особенностей устной литературы, в том числе: сказки, эпосы, легенды на уроках казахской литературы. Проанализировать преимущества и недостатки заданий и убедиться,

какие задачи целесообразно использовать при анализе тематико-идейных особенностей устной литературы. Цель – повышения интереса учащихся к урокам литературы в средних классах и более успешное овладение темой и идеей определенного произведения.

Ключевые слова: урок литературы, устная литература, тема, идея, виды заданий, методы.

***

Abstract. At present, retelling and learning a work lies only on the level of thinking and understanding of the work by the pupil. These are the lowest stages of the thinking level. Each pupil must analyze the work and in this work the teacher plays a big role so that the pupil can apply the methods and analyze fiction. In this regard, the question remains how to analyze a work of art. That is, it is very important to use effective methods in the analysis of works of art. Analysis of the thematic and ideological features of the work in the process of studying samples of oral literature with the help of various tasks will be useful for pupil in mastering the topic.

The article discusses the types of tasks used in the analysis of thematic and ideological features in oral literature, including: fairy tales, epics, legends in the classes of Kazakh literature. Analyze the advantages and disadvantages of the tasks and make sure which tasks are advisable to use when analyzing the thematic and ideological features in oral literature. The purpose of the task is to increase pupil's interest in literature classes in middle classes and master the theme and idea of the work.

Key words: Literature lesson, oral literature,theme, idea, types of task, method.

Әдетте әдеби туынды туралы әңгіме оның тақырыбынан бастау алатыны белгілі. Мектептегі әдебиетті оқыту тәжірбиесінде шығармада бейнеленген өмір шындығына, яғни тақырып пен әдеби қаһармандарды талдауға шектен тыс көп уақыт бөлінеді. Ал негізінде, көркем туындыны мазмұндық талдауда суреткердің нені бейнелегеніне емес, сол бейнеленген дүние оның қандай салмақ артып, қандай мән-мағына бергенін ашу қажет. Әдеби туындыны талдауда көркемдік идеяны жекелеген сөздерден, ұтымды сөз тіркестерінен немесе үзінділерінен іздеген дұрыс емес. Идея шығарманың көркемдік құрылымына тұтастай сіңіп, жинақталады. Туындыны түгел оқып, табиғатын түсінгенде ғана идеяны таныта аламыз. Ал, идея қалай туындайды? Мектеп оқулықтарында берілген шығармалардың тақырыптары қызықты болуы, шығарманың идеясын анықтауы суреткердің шығарма жазар тұстағы шығармашылық толғаныстарының түпкі түйіні ой өзегінде жатыр. Шығарма жазылмастан бұрын туған ой өзегі авторлық идея деп айтамыз. Авторлық идеяда қаламгердің тақырыпты таңдаудағы мақсаты,

шығармашылық тұжырымдамасы жатады. Оның туындауы әр суреткерде әрқалай болады. Туындыға тақырып табу оңай емес, ол шығармашылық қиын еңбектің бір парасы болып табылатыны сөзсіз.

Ғалым З.Қабдоловтың анықтамасы бойынша: «Тақырып – жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобы». Ал идея – «жазушының өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы»[1, 160 б.]. Көркем шығармаларды әлемнің, дүниенің үйлесімді немесе қарама-қайшылықты бейнесі, кейде оның кейбір қырлары: табиғат құбылыстары, ең бастысы, адам өмірі көрініс табады. Тақырып нақты, шындық болмыс пен көркемдік болмыстың арасындағы алтын көпір сияқты. Ол екі әлемге де қатысы. Алайда, ол шындық болмыстың айна-қатесіз «көшірмесі» емес, суреткер өзінің жанына жақын, өзінің назарын аударған өмір құбылыстарын ғана таңдап, оны көркем бейне арқылы күшейтеді, ажарландырады. Соның нәтижесінде суреткер қиялынан туған, өзіндік мінез–құлқы, кескіні бар әдеби кейіпкер пайда болады.

Әр тарихи кезеңде көркем шығарманы, ғылыми еңбекті жазу барысында, ең алдымен, ақын-жазушылар, ғалымдар тақырып пен идеяны айқындап алып, көп толғанады. «Не жазу керек?» - деген сұрақ туады, бірақ бұл күрделі мәселе емес. Қиындық оның жеткізу тәсіліменен шеберлігінде, ғылыми-шығармашылық тұжырымдардың бірізді, жүйелі баяндалуында. Демек: «Қалай?», «Қандай тәсілмен?» - деген сұрақтар бірінші кезекке қойылып, белгілі бір мәселені талдаудың жүйесі яғни әдісі оның тәсілдері айқындалуы тиіс. Әрине, кез-келген шығарманы оқымас бұрын, біз сол шығарманың тақырыбына, идеясына назар аударамыз, шығармаға тақырыпты дұрыс таңдай білу, оқырманды өзіне тарту кілті - тақырыпты дұрыс таңдай білуінде [2, 298 б.].

Мектепте 5,6 сыныптар бойынша өтілетін ертегілердің тақырыптық-идеялық ерекшелігін талдау барысында, берілген тапсырма түрі *«Талдау баспалдағы»* Бұл тапсырманы орындау барысы: тақырыпты баспалдақ сияқты жеке-жеке тақырыпшаларға бөліп талдайды. Тапсырманың мақсаты:Талдау кезінде көркем шығарма жан-жақты, терең қарастырылады. Яғни, бір көркем мәтінді іштей бірнеше тақырыптарға жіктеп, әрқайсысына атау беріп, сол ретпен талдау жүргіземіз. Бұл көркем мәтіннің тарауларын, ондағы оқиғаны топтап қарастыруға көмектеседі. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісін бойынша «Ер Төстіктің достары», «Ертегідегі жағымсыз қаһармандар» т.б. түрде тақырыптық жіктеулер жасауға болады. Ал, эпостық жырларда батырларды, арулар бейнесін, хандар мен тұлпарлар бейнесін топтап, тақырыптық үндестік жасауға болады. Мәселен, «Жырдағы батырлар бейнесі», «Жырдағы әйелдер бейнесі», «Жырдағы тұлпарлар бейнесі» деп топтап, екі жырдың ұқсастығын салыстырып, жыр мазмұнын толық игеруге болады.

«Болжау» стратегиясы тапсырмасын пайдалана отырып, оқушыларды ертегінің тақырыбын болжау арқылы тақырыбын анықтау. Әдісті қолдану барысы: ертегіден үзінді беріледі, тыңдалым тапсырмасы арқылы оқушылар ертегінің үзіндісін тыңдай отырып, тақырыбын болжайды. Оқи отырып, «ашық», «жабық» сұрақтар арқылы ертегінің идеясын анықтайды.

«Екі идея» тапсырмасының негізгі мақсаты, оқушылардың ертегінің идеясын табу, оқушылардың сабаққа деген ынталарын арттыру, оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыру. Оқушыларға берілген тапсырма бойынша, сынып бөлмесіне кеспе қағаздарға, (стикерді де қолдануға тиімді) ертегіге байланысты екі идеяны жазып, қабырғаға, үстелге, орындыққа, тақтаға жабыстырып шығады. Оқушылардың барлығы өз идеяларын жазып, тапсырма орындалып болған соң, оқушылар дұрыс деп тапқан бір-бірінің екі идеяны таңдап алып, дәптерлеріне «неге осы екі идеяны таңдадым?» деген сұраққа жауап жазады. Осылайша оқушылардың барлығы ертегінің мазмұнын қамти отырып, бір-бірінің жазған идеяларымен бөлісу арқылы ертегінің тақыры мен негізгі екі идеясын анықтайды.

«Сегіз қырлы ой» тапсырмасы арқылы, оқушылар ертегідегі негізгі идеясын анықтау барысында өз ойларын сызбаға салады.Сызбаға салу арқылы оқушылар ертегіде айтылған идеяны жан-жақты жеткізуге бағытталады. Берілген тапсырмалардың оқушыларға орындату барысында көрсеткен нәтижесіне зер салсақ, «Талдау баспалдағы» тапсырмасының нәтижесі: Оқушыларға қиындыққа соқпады. Топпен 5-7 минутта талдау жұмысын орындап, оң нәтиже берді. «Болжау» тапсырмасы бойынша, оқушылар тыңдалым арқылы қай ертегі екендігін анықтай алмады, бірақ тақырыбын болжам жасау арқылы өз ойларын ортаға салды. «Екі идея»: Оқушылардың барлығы белсене сабаққа қатысты. Ертегінің идеясын жан-жақты талдады. «Сегіз қырлы ой»: Оқушылар өздерінің белсенділігін көрсетті.

Келесі ауыз әдебиеті үлгілеріне: жыр (батырлар жыры мен лиро-эпостық жырларын) қарастырамыз. Зерттеу объектіміз – 5-8 (орта сыныптар) негізінде болғандықтан, оқу бағдарламасына сәйкес, батырлар жырынан (эпостық жыр) 5-сыныптарда:«Қобыланды батыр» жыры, 6-сыныпта: «Алып Ер Тұңға»,7-сыныптарда: «Күлтегін» жыры, 7-сыныптарда: лиро-эпостық жыр: «Қыз Жібек» жыры берілген. 5, 6, 7 сыныптар аралығында берілген жырдың тақырыбы және идеясын анықтауға арналған: «Керемет пікірталас», «Ұшқыр ойлар кілемі», «Үш қадамды сұхбат», «Кубимз», «Ақыл -ой картасы» тапсырмаларын беру тиімді. Тапсырмалардың берілу мақсаты мен нәтижесіне тоқталар болсақ, «Керемет пікірталас» тапсырмасының мақсаты: оқушылардың өз ойын еркін жеткізу. Практикада қолданған уақытта көрсеткен нәтижесі: оқушылар белсенді түрде сабаққа қатысып, өз пікірлерін білдірді.

«Ұшқыр ойлар кілемі» тапсырмасының негізгі мақсаты: пікірлерін топтастыру, негізгі идеясын анықтау. Нәтижесі: оқушылардың пікірлері әр түрлі болды. Оқушылар бір-бірімен санаспады. Қорытынды ойға келмеді. «Үш қадамды сұхбат» тапсырмасы бойынша, оқушыларды жырдың тақырыптық-идеялық ерекшелігін талдап қана қоймай, кейіпкерлеріне мінездеме беріп, сұрақтарға жауап береді. Тапсырманың орындалу барысы өте ұзақ болды. Тапсырманы орындау барысында қиындық туды. «Кубизм» тапсырмасының мақсаты: тақырыпшаларды талдау, оз ойын еркін жеткізу. Берген нәтижесі: Тапсырма тиянақты орындалды. Оқушыларға қиндық тумады. «Ақыл-ой картасы» тапсырмасының мақсаты:топтасып жұмыс жасай отырып, жырдағы кейіпкерлер арқылы тақырыпты меңгеру.Нәтижесі: Оқушылар өздерінің белсенділігін көрсетті.

Халық ауыз әдебиетіндегі көркемдігі ерекше жырлардыі бірі – «Қобыланды батыр» жыры. «Қобыланды батыр» – қазақ халқының қаһармандық эпосы болып табылады. Жырдың негізгі тақырыбы: елді, жерді қорғау, батырлардың ерлік істерін көрсету. Осындай патриоттық сарында жазылған батырлар жыры 5 сыныпта оқитын оқушыларға өте қызықты әрі патриоттық сезімін оятуға септігін тигізері сөзсіз. «Қобыланды батыр» жырыныңтақырыптық-идеялық ерекшелігін талдау барысында бірінші кезекте оқушылардың жас ерекешлігін ескере отырып, тапсырмалар берілген дұрыс деп ойлаймын, осыған сәйкес оқушыларға бірнеше тапсырмаларды ұсынып көрдім. Жырдың тақырыбы және идеясы туралы оқушылардың өз пікірлерін ортаға салуға арналған тапсырмаларды орындату барысында оқушылар өз ойларын нақты және де еркін жеткізе білді, тапсырмалар айтылым дағдысы бойынша жүзеге асты, берілген тапсырмалар: *«керемет пікірталас», «тақырыбын сәйкестендір», «ұшқыр ойлар кілемі»*. *«Керемет пікірталас»* тапсырмасының негізгі мақсаты: оқушылардың өз ойларын еркін жеткізу, ойын жеткізу арқылы жырдың басты тақырыбы мен идеясына назар аудару.

Тапсырманың орындалу барысы:оқушылар бірнеше шағын топтарға бірігеді, «Қобыланды батыр» жыры бойынша оқушыларға үзінділер таратылады. Оқулық бойынша, жыр бірнеше тақырыпшаларға бөлінген, берілген 10 тақырыпша: Қобыланды батырдың дүниеге келуі; Қобыланды мен Құртқа қыз; Тайбурылдың тууы, өсуі; Қобыланды мен Қараман батырдың Қазанға қарсы жорығы; Қобыланды батырдың жорыққа аттануы; Қобыландының Сырлы қала мен Қырлы қаланы алғандағы ерлігі; Екі батырдың Көбікті хан еліне жасаған шабуылы; Қарлыға қыз; Қобыландының Көбіктіні жеңуі; [3, 25 б.]. Елін жаудан азат еткен ерлер тақырыпшаларды меңгерген оқушылар, үзінділерді қай тақырыпшаға сәйкес келетіндігін анықтайды, әр тақырыпшаны мазмұндай отырып, негізгі идеясы туралы бір-бірімен пікірлесе отырып,

пікірталасты жүргізіп анықтайды. Оқушылардың ойлары жан-жақты болуы мүмкін, әр топтың пікірі ескеріледі.

Пікірталас шағын бөлінген топтар арасында жүзеге асады.Оқулық бойынша тақырыбын, идеясын анықтауға арналған тапсырмалар түрлері берілмеген, жалпы тапсырмалардың түрлерін тілдік дағдылар бойынша саралап қарастырсақ: жазылым тапсырмасы бойынша - 10 тапсырма, оқылым тапсырмасы - 2, айтылым тапсырмасы - 5 тыңдалым тапсырмасы бойынша-1 тапсырма берілген. Тапсырмалардың басым көпшілігі ой бөлісуге, пікір білдіріп, ойды нақты жеткізуге арналған. Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ. авторлығымен Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 5- сыныбына арналған оқулығында «Қобыланды батыр» жыры берілген жұмыс түрлері:сөздікпен жұмыс; жырдағы жер-су атауларын тауып, үзінді арқылы олардың қандай мекен екенін жазу; үзіндіден түсіп қалған сөздердің орнын толтырып жазу; жыран алынған шумақтармен сұрақтарын сәйкестендіру; Қобыланды мен Қараманға мінездеме беру; шығармадағы сюжеттің құрылымдық құрылымын талдау; эссе жазу; тыңдалым тапсырмасы.

6 - сыныпта: «Алып Ер Тұңға» тақырыбы бойынша жоғарыда көрсетілген авторлығымен жазылған оқулықтағы берілген тапсырмалар тізбегі: сұрақ-жауап; жыр шумақтарының идеясын анықтау; көркемдік тәсілдерді табу; портреттік мінездеме беру; эссе жазу; шығармашылық тапсырмалар; тыңдалым тапсырмалары. Жырдың берілген нұсқасы шағын көлемді 11 шумақтан тұрғандықтан, сәйкесінше оқылатын сағат саны да аз және де берілген тапсырмалары да шағын. Жырдың тақырыптық-идеялық ерекшелігін анықтауға арналған тапсырма түрлері берілмеген, сондықтан да жырдың идеясын анықтап, оқушылардың пікірлерімен жұмыс жасау мақсатында берілген тапсырма түрі– жазылым тапсырмасы: *«Ұшқыр ойлар кілемі»*

Тапсырманы орындау барысы: оқушыларды топтарға бөлу. Топтағы әр оқушы «Алып Ер Тұңға» жырдағы негізгі идеясы туралы өзінің пікірін стикерлерге жазады. 2. Оқушылар стикерлердегі пікірлерді альбом бетіне сәйкес келетін қағазға жабыстырады да, оларды жүйелейді. 3.Оқушылар топта талданған ортақ озық пікірдің біреуін ғана альбом бетіне тең келетін түрлі-түсті қағазға жазады. 4.Топ ішінде А1 форматты қағазға түрлі-түсті альбом беттеріндегі пікірлерді жабыстырады. 5.Соңында оқушылардың ортақ пікірлерінің кілемге ұқсас қалпы түзілуі тиіс.«Алып Ер Тұңға» жырының негізгі идеясы – Тұран елін сыртқы жаудан қорғау, түркі жұртын ішкі ынтымақ-бірлікке үндеу, туған жердің абырой-даңқын арттыру болып табылады. Оқушылардың пікірлері ескеріліп, бірнеше идеяның ішінен ұтымды деп табылатын идеяны алып қарастырып сол бойынша жұмыс атқарылады. Бұл жырдың негізгі ерекешелігі жоқтау түрінде жазылғандықтан, оқушыларға бірінші кезекте «жоқтау» туралы әдеби теориялық түсініктеме беріп кеткен жөн.

Оқушылардың жырға деген қызығушылығын арттыру мақсатында, М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түрік тілдерінің сөздігі») еңбегі арқылы біздің дәуірімізге жеткендіктен, оқушыларға аталған еңбекпен таныстырып, бастапқы нұсқасын аудармасымен салыстыра оқытып, жырды меңгерту тиімді болмақ.

7 сыныптың бағдарламасы бойынша: «Күлтегін» жыры (батырлар жыры) және «Қыз Жібек» жыры (лиро-эпостық) жыр берілген. «Күлтегін» жыры – елдің ішкі бірлігін жыр еткен, ижеялық мазмұны терең, көркемдік дәрежесі жоғары поэзиялық туынды. Оқушыларға жырды талдату барсында, жырдың ерекшелігін түсіндіре кеткен жөн, өйткені Орхон жырларының құрылысы жағынан қазіргі өлеңнен біраз айырмашылығы бар. Онда арагідік болмаса, ұйқас кездесе бермейді. Дыбыс үндестігі, сөз қайталаулар ішкі ырғаққа құрылады. Жырды талдату меңгерті барысында, салыстыру тапсырмаларын орындату арқылы меңгерту тиімді. Өйткені, Орхон жазулары мазмұны, айтар ойы жағынан *«Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр»* сияқты қазақтың эпостық жырларымен үндес, ұқсас. Батырлық жырлардың идеясы да Орхон жырларындағыдай, ел тәуелсіздігі мен елге қорған болған батырларды жырлау. Жырдың тақырыптық – идеялық ерекшелігін талдау мақсатында, оқулық бойынша айтылым тапсырмасы берілген. Бұл тапсырма арқылы оқушы тек жырдың негізгі идеясы мен тақырыбын ауызша, өз ойын айтуға болады.

Оқулық бойынша, жырды өту барысында берілген тапсырмалар тізбегіне қарайтын болсақ, айтылым тапсырмасы -5;жазылым-3; оқылым-1; тыңдалым тапсырмасы-1 тапсырма берілген. Жырдың ішінде, оқушыларға түсініксіз сөздер көптеп кездеседі. Яғни оқушыларға сөздік жұмыс тапсырмасы беріліп, сол сөздермен жұмыс жасау қажет. Оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, жырды толықтай меңгеріп алу үшін, *«Үш қадамды сұхбат»* тапсырмасын орындату тиімді болмақ. Тапсырманы орындату барысы: Әр топ тақырыпқа байланысты бір-біріне мәтін бойынша 3 түрлі сұрақ, пікір айтып талқылайды. Оқушылар сұрақ қою кезінде әр топ бір-бірінен жырдың тақырыбы мен идеясы туралы ой-пікірін алмасуға мүмкіндік болады. Сұрақ қою арқылы түсінбей қалған тұстарын сұрап, түсініп алады. Осы тапсырманы орындау барысында жырдың негізгі ақпаратын анықтайды. Мінездеу. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Мысалы: Күлтегін, Білге мінездерін анықтайды. Күлтегін жауласқан елдер мен жер атауларын анықтау. Салыстыру тапсырмасы арқылы, жоқтау-жырды батырлық жырмен салыстырады. 7 сынып бойынша берілген келесі жыр – «Қыз Жібек» жыры.Жырда: халық арманы, достық, адал махаббат, ескі салт мәселелері жырланады. Оқулық бойынша, жыр бірнеше тақырыпшаларға бөлінген.

Кейде шығармаларда бірнеше тақырып бас қосатындығын білеміз. Бірақ, талдау барысында бірнеше тақырыпты бірден мектеп оқушылары

әсіресе 5-7 сыныптар талдай алмайды сондықтан да,талдау барысында негізгі бір-екі тақырыпты бөліп алған жөн, қалғаны қосымша тақырыптар болады. Қосымша тақырыптар да бізге талдау барысында қажет өйткені, қосымша тақырыптар негізгі тақырыпты ашуға қызмет атқарады. Негізгі тақырыпты қалай анықтаймыз?

Негізгі тақырыпты анықтаудың екі жолы бар: Бірінші жағдайда,тақырып басты кейіпкер айналасында өрбиді. Екінші жағдайда, негізгі тақырып бірнеше кейіпкерлердің тағдыры арқылы көрінеді [4, 55 б.]. Бұл жырда біз бірінші жағдай бойынша: тақырып басты кейіпкер айналасында өрбігендіктен, тақырыпты талдау барысында *«Кубизм»* тапсырмасын алып алып қарастырайық. Тапсырманың барысы: тапсырманы бірнеше бөліктерге бөлеміз. Біріншісі: Білу. Оқушыларға жырдан үзінді таратылады. Үзіндіні оқи отырып, қай кейіпкер туралы екендігін айту. Екінші: Түсіну. Үзіндінің негізгі идеясы қандай? осы тұрғыдан оқушы өзінің ой-пікірін айту. Үшінші: Қолдану- Үзінді оқиғаларының желісін ой картасына түсіру. Төртінші: Анализ – Қыз Жібек пен Төлеген арасындағы алғашқы диалогқа талдау жасату. Бесінші: Синтез- Қыз Жібек өз атына лайықты адам екенін дәлелдеу, үзіндіден табу. Алтыншы: Бағалау- Қыз Жібек қандай адам? Өздеріне ұнаған Қыз Жібек пен Төлеген сипатына қатысты үзінділерді жаттауға тапсырма беру. Келесі тапсырма *«Ақыл-ой картасы».* Тапсырманың орындалу барысы: Жырдан екі кейіпкер алынады: Төлеген мен Бекежан. Оқушылар аталған екі кейіпкердің арасындағы қарым-қатынасты өз сөздерімен қорытындылап жазады. Содан соң топтасып, үлкен параққа «ақыл-ой картасын» жасайды. Олар алдымен «шимай», артынан таза нұсқасын тақта алдында көрсету үшін дайындайды. Оқушылардың 2 кейіпкердің біреуін жақтайтын талқылау жұмысына мұғалім басшылық жасайды. Сол сияқты Төлеген мен Шеге, Сырлыбай мен Базарбай, т.б. бейнелерді салыстыра отырып талдайды.

Қорыта келе, біз оқушылардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін талдату мақсатында, жоғарыда келтірілген бірнеше тапсырмалар арқылы жүзеге асыруға болатынын айтып өттік. Оқушыларды шығарманы талдамас бұрын, бірінші кезекте оның тақырыбына, идеясына назар аудартуымыз маңызды. Яғни, шығарманың тақырыбы анық, дәл, түсінікті болмай, оқушы «не себепті бұл шығарма маған маңызды?» деген сұраққа жауап қарастырып алуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1992. – 350 б.

2 Сухих С. И. Методология литературоведения: комплексный и системный методы анализа литературы. // Вестник Нижегородского ун-та им. Н. И. Лобачевского. – 2012. – № 6 (1). – С. 302

3 Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 160 б.

4 Жанұзақова Қ. Т. Әдебиеттануға кіріспе: Оқу құралы. – Алматы : Қыздар университеті баспасы, 2013. – 251 б.